



ЕЛІМІЗДЕ ТҰҢҒЫШ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ АШЫЛДЫ

МРНТИ 18.71.45

Ә. Б. Кереев¹

¹ Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы, Қазақстан

ЕЛІМІЗДЕ ТҰҢҒЫШ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ АШЫЛДЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Елбасымыздың еліміздің мәдениеті мен руханиятына кеңінен серпін берген «Рухани жаңғыру» мақала бағдарламасы «Ұлы даланың жеті қыры» деген тарихи мақаласы негізінде Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының қабырғасында Ұлтымыздың рухани құндылықтарын әлемдік кеңістікте дәріптеу мақсатында елімізде тұңғыш рет «Ұлттық өнер» факультеті ашылғандығы баяндалады. Сондай-ақ бұл аталған факультет құрамына «Дәстүрлі музыка өнері» және «Сәндік-қолданбалы өнер» кафедралары енгізіліп, алдағы уақытта еліміздегі екі жоғары оқу орнында археологиялық жұмыстарды іске асыруды көздейтін ЮНЕСКО кафедралары бары ескеріліп, тағы бір ЮНЕСКО кафедрасымен толықтырылатыны сөз болады. Бұл қазақ өнерін бүкіл әлемге паш етуге, үлкен мүмкіндік туатын маңыздылығымен негізделеді.

Тірек сөздер: факультет, академия, ұлттық өнер, ЮНЕСКО.

Кіріспе

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының қабырғасында Ұлтымыздың рухани құндылықтарын әлемдік кеңістікте дәріптеу мақсатында елімізде тұңғыш рет «Ұлттық өнер» факультеті ашылды. Жаңа факультет құрамына «Дәстүрлі музыка өнері» және «Сәндік-қолданбалы өнер» кафедралары енгізілді (Сурет 1).

Салтанатты ашылу рәсіміне өнер,

театр қайраткерлері, білікті ұстаздар, өзге де құрметті қонақтар мен студенттер қатысты. Академия басшылығы осындай факультетті құру арқылы студенттердің ғылыми-теориялық дайындығы мен орындаушылық шеберлігін арттыруды, жоғары білім сапасын қамтамасыз етуді, ұлттық өнер түрлерін оқытудың заманауи тәсілдерін пайдалануды басты көзір етпек.

Академия ректоры, Қазақстанның



Сурет 1 – «Ұлттық өнер» факультетінің ашылу салтанатының лента қию сәтінен. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Пернебек Момынов және Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Асхат Маемиров. 2019 ж.

еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемировтың айтуынша, факультет Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін құрылған.

– Біздің ұлт өнерге де, дәстүрге де өте бай. Оны лайықты дәріптеп, ардақтай білуіміз керек. Сақтап, кейінгі өскелең ұрпаққа жеткізу – парызымыз. Осы орайда халқымыздың аса бай шығармашылық мұрала-рын әлемдік деңгейге шығарып, насихаттау үшін арнайы факультет ашып отырмыз. Бұл жерде студенттер ұлттық музыкамыздың інжу-маржан-дарымен, дәстүрлі өнердің озық үлгілерімен танысып, қажетті білім алады. Сонымен қатар сәндік-қолданбалы өнерге қатысты заманауи жетістіктерді де терең зерделеп, өз білімдерін ғылыми негізде жүйелейтін болады. Міне, сонда балталаса бұзылмайтын мызғымас дәстүр мен өнердің негізі қаланады. Түптеп келгендегі мақсатымыз – бұрыннан

бүгінге жеткен ұлттық өнердің түпкі мән-маңызы бұзылмай, бұрмаланбай сақталуын қамтамасыз ету және оны кеңінен насихаттау.

Енді, осы сәтті пайдалана отырып, біздің еліміздің мәдениетіне, өнеріне руханиятына «Рухани жаңғыру» мақала бағдарламасы арқылы, осы «Ұлы даланың жеті қыры» деген тарихи мақаласы арқылы серпін беріп, әрқашан қолдау білдіріп отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына алғыс айтуымыз керек! – деді Асхат Маемиров (Сурет 2).



Сурет 2 – Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Асхат Маемиров. Бұл факультетте студенттер ұлттық музыкамыздың інжу-маржандарымен, дәстүрлі өнердің озық үлгілерімен танысып, қажетті білім алып, өз білімдерін ғылыми негізде жүйелейтінін айтып, жаңа факультеттің ашылуымен құттықтау сәтінен. 2019 ж.

Жаңа факультет студенттеріне елімізге танымал – Пернебек Момынов, Рамазан Стамғазиев, Нұржан Жанпейісов, Мұрат Әбуғазы, Талғат Мұқышев, Сәуле Бапанова, Естай Даубаев сияқты білім мен тәжірибесі ұштасқан ұстаздар тәлім береді. Осыған дейін де «Дәстүрлі музыка өнері» және «Сәндік-қолданбалы өнер» кафедраларының түлектері республикалық және халықаралық жарыстарда оза шауып, еліміздің алтын діңгекті мәдениетін әлемге әйгілеп жүрді. Енді өз алдына бөлек отау құрып, іргесі бекіп, өрісі кеңейген соң жетістіктері ұлғайып, тың идеялар тығыны ағытылады деген үміт басым.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Пернебек Момынов өз сөзінде:

- Жаңадан ашылып жатқан бұл «Ұлттық өнер» факультеті ел мәдениеті үшін айтулы оқиға. Жастар жылында жастарға жол ашып жатқандарыңызға дән ризамын. Бұл қазақ өнерін бүкіл әлемге паш етуге, үлкен мүмкіндік!- деп Пернебек Момыновты жүрекжарды лебізін білдірді (3 сурет).



Сурет 3 – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Пернебек Момынов жүрекжарды лебізін білдіріп, ақ батасын беру сәтінен. 2019 ж.

Шара барысында қазақтың халық

әндері мен дәстүрлі әндерін кеңінен насихаттап жүрген әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының меңгерушісі Рамазан Стамғазиев Ақан серінің өзі қолданған домбырасын қолға алып автордың репертуарындағы әндерін шырқады (Сурет 4).

Сонымен қатар, Мәдениет және



Сурет 4 – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Рамазан Стамғазиев Ақан серінің өзі қолданған домбырасын қолға алып автордың репертуарындағы әндерін шырқау сәтінен. 2019 ж.

спорт министрі, ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Арыстанбек Мұхамедиұлының келісімімен аталған оқу орнында ЮНЕСКО кафедрасын ашу көзделуде. Бүгінгі таңда, еліміздегі екі жоғары оқу орнында археологиялық жұмыстарды іске асыруды көздейтін ЮНЕСКО кафедралары бар. Ал, биылғы жылға жоспарланған жоба материалдық емес ұлтымыздың музыкалық мұраларын, басқа да жәдігерлерін халықаралық аренаға шығару мақсатында жүзеге аспақ.

Елімізде тұңғыш рет ашылып жатқан «Ұлттық өнер» факультетінің ашылу салтанатына Қазақстанның Халық артисі Сара Тыныштығұлова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Пернебек Момынов, Құрманғазы оркестрінің директоры Нұрғиса Дауешов, Отырар

сазы оркестрінің көркемдік жетекшісі Дінзухра Тілендиева және Ұлттық жоғары оқу орындарының ректорлары

қатысты. Академия студенттерінің қолынан шыққан зергерлік бұйымдарды тамашалады(Сурет 5,6).



Сурет 5 – «Ұлттық өнер» факультетінің ашылу салтанатына келген меймандар Академия студенттерінің қолынан шыққан зергерлік бұйымдарды тамашалауда. 2019 ж.



Сурет 6 – Шара барысында арнайы қойылған көрмені таныстыру сәтінен. 2019 ж.

А.Б. Кереев

Казахская Национальная Академия искусств им. Т. К. Жургенова,
(Алматы, Казахстан)

В РЕСПУБЛИКЕ ВПЕРВЫЕ ОТКРЫЛСЯ ФАКУЛЬТЕТ «НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА»**Аннотация.**

В данной статье отмечается, что в целях популяризации духовных ценностей нации в мировом пространстве в стенах Казахской Национальной академии искусств им. Темирбека Жургенова впервые в стране был открыт факультет «Национальное искусство». Кроме того, в состав данного факультета включены кафедры «традиционное музыкальное искусство» и «декоративно-прикладное искусство», которые будут дополняться еще одной кафедрой «ЮНЕСКО» с учетом наличия в двух высших учебных заведениях страны кафедр ЮНЕСКО, предполагающих проведение археологических работ. Это обусловлено важностью казахского искусства для всего мира, что дает большие возможности популяризации национальной культуры.

Ключевые слова: факультет, академия, национальное искусство, ЮНЕСКО.

A. Kereev

A. Kasteyev State Museum of Arts of the Republic of Kazakhstan
(Almaty, Kazakhstan)

THE FACULTY OF «NATIONAL ART» OPENED IN THE REPUBLIC FOR THE FIRST TIME**Abstract.**

This article notes that in order to popularize the spiritual values of the nation on the global space within the walls of the T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts for the first time in the country, the faculty «National Art» was opened. In addition, the department of «Traditional Musical Art» and «Decorative and Applied Art», which will be complemented by another department of UNESCO, taking into account the presence of UNESCO departments in two higher educational institutions of the country, involving archaeological work, are included in this faculty. This is due to the importance of Kazakh art for the whole world, which provides great opportunities for the popularization of national culture.

Keywords: faculty, academy, national art, UNESCO.

Автор туралы мәлімет: Әділғазы Кереев Бақытұлы – Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Ақпараттық жүйелер және тестілеу бөлімінің басшысы. Алматы, Қазақстан.
E-mail: adik_1984@mail.ru

Сведения об авторе: Кереев Адылғазы Бахытович - Руководитель отдела информационных систем и тестирования Казахской Национальной Академии искусств им. Т. К. Жургенова, Алматы, Казахстан.
E-mail: adik_1984@mail.ru

Autoros data: Adylgazy Kereev - Head of Information Systems and Testing at T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. Almaty, Kazakhstan.
E-mail: adik_1984@mail.ru

Мазмұны/ Оглавление/ Table of Content:

PHILOSOPHY

Alimzhanova A.Sh. 7

Арзиев З.З. ОСОБЕННОСТЬ ПРАГМАТИЧЕСКОГО ПОДХОДА К ИДЕОЛОГИИ И КУЛЬТУРЕ В СВЕТЕ КОНЦЕПТУАЛЬНОЙ РАБОТЫ Н. А. НАЗАРБАЕВА «СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

ART STUDIES

Altynbekova E.K. IMPROVEMENT OF EXPERIENCE PERCEPTION BY MEANS OF EXHIBITION DESIGN AND LIGHTING IN A GOLD MUSEUM 17

Zhurbin R.A., Begalinova G.A. INTERACTION OF MEANS OF MUSICAL EXPRESSION IN JAZZ AND THEIR INFLUENCE ON THE LISTENER'S EMOTIONAL PERCEPTION 27

Maria Odnolkina. VIOLIN FANTASIA BY I. VYMER AS AN ADAPTATION OF A WEDDING CEREMONY 36

Chelsea L. Cervantes De Blois. WITH LOVE, FROM RUSSIA: THE ART OF GIFTING 42

Резникова Е.И. ПРОСТРАНСТВО НОВЫХ МЕДИА: ПОЛЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ КАЗАХСТАНСКИХ И ЗАРУБЕЖНЫХ ХУДОЖНИКОВ СОВРЕМЕННОГО ИСКУССТВА 50

Байқуатұлы Қ. ҚАЗАҚТЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ӘН ШЫРҚАУ МЕКТЕБІНІҢ НЕГІЗІ 57

Бисембаева А.А. СЦЕНОГРАФИЯДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ЖӘНЕ МЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ 67

Жаңбыршиева А.О. ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫНЫҢ СЦЕНОГРАФИЯ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫСЫ-АНАТОЛИЙ НЕНАШЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ 79

Абитаева Ж.Е., Сәлім А. ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ БҮГІНГІ АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

PEDAGOGY

Zh.Kanlybayeva. THE ROLE OF MORAL TRADITIONS AND NORMS OF EDUCATION IN VALUABLE SYSTEM OF SOCIETY 86

Садыкова А.Е., Нурмухамбетов А.А. МӘСКЕУДЕГІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТІНІҢ БІРІНШІ ОН КҮНДІГІ ТАРИХЫНАН

REVIEW

Кереев Ә.Б. ЕЛІМІЗДЕ ТҰҢҒЫШ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ АШЫЛДЫ 95

Подписано в печать 19.01.2018. г.
Формат 60 x 84 1/8
Бумага 80 гр. Svetocopy.
Печать Цифровая HP CM 6040
Гарнитура FranklinGothicITC, Literaturnaya
Объем 13,75 п. л.
Тираж 300 экз.
Заказ №15

Отпечатано в типографии КазНАИ им. Т. К. Жургенова
г. Алматы, ул. Каблукова, 133